

## PISA халықаралық зерттеуі бойынша түсіндірме жұмыстары

Мектебімізде PISA халықаралық зерттеуге дайындық аясында 9-10 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аталған шараның негізгі мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білуге бағыттау.

Түсіндірме барысында PISA зерттеуінің құрылымы, тапсырма түрлері, бағалау критерийлері туралы жан-жақты ақпарат берілді. Оқушыларға логикалық ойлау, мәтінді талдау, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы бойынша тапсырма үлгілері ұсынылды.

